

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бірлескен бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 763 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 130 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 4 қаңтарда № 31547 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бірлескен бұйрық 01.01.2023 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Осы бірлескен бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бірлескен бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ А. Куантыров

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және инфрақұрылымдық  
даму министрі

\_\_\_\_\_ К. Ускенбаев

2022 жылғы 19 желтоқсандағы  
№ 130 мен  
Қазақстан Республикасының  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық даму  
министрінің  
2022 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 763 Бірлескен бұйрыққа  
қосымша

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір күші жойылды деп танылған бірлескен бұйрықтарының тізбесі**

1. "Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар қызметінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 757 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 52 бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17665 болып тіркелген).

2. "Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар қызметінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 757 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 52 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 28 сәуірдегі № 240 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 34 бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17665 болып тіркелген).

3. "Сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар қызметінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 757 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 52 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 26 қыркүйектегі № 496 және Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 28 қыркүйектегі № 70 бірлескен бұйрығы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17665 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК